С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары-10: Мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары//Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-10: «Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны», посвященной 120-летию со дня рождения С. Сейфуллина. – 2014. – Т.1., ч.1. – Б.289-290

ЖАҢА ЖИНАЛҒАН АСТЫҚТЫ ТАЗАРТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАР

Каржаспекова Н.М.

Қазіргі уақытта еліміздің маңызды мәселелерінің бірі отандық астық өндірушілердің қызметінің тиімділігін арттыру арқылы әлемдік экономикада бәсекелестілікті күшейту болып табылады.

Қазақстан бидайды экспорттаудан әлемдегі ең ірі он елдің қатарына кіреді. Осыған орай астық өндірісіндегі ең өзекті сұрақ ол - астықты көлемі мен сапасы бойынша аз шығынмен сақтау болып келеді. Астықты сақтау және өңдеу өндірістерінде астықты сапалы түрде сақталуын қамтамасыз ететін бірден-бір маңызды үрдіс - астықты тазарту болып саналады. Астықты тазарту үрдісі жаңа жиналған астықты тауарлы кондициясына дейін жеткізіп, олардың сапалы түрде сақталуына септігін тигізеді. Диқаншылар астық қабылдау кәсіпорындарына базистік кондиция талаптарынан төмен астықты тапсырған уақытта олардың табысы төмендеп, тазарту мен кептіруге жұмсалатын шығындары артады. Яғни жаңа жиналған астықты мемлекетке сатуға дейін оның барлық қасиеттерін ескере отыра, дұрыс көңіл бөлу ауыл шаруашылығындағы маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады. Егер астыққа дұрыс жағдай жасалмаса, ол үлкен жоғалтуларға әкеліп соқтырады, ондағы физиологиялық үрдістер жоғарылап, жиналған астықтың көп бөлігі жоғалады.

Астықты жинағаннан кейінгі өңдеудің негізгі мақсаты – осы кезеңде қолданылатын техниканың тиімділіктерін арттыру және олардың технологиялық үрдістерінде заманауи әдістер мен тәсілдер қолдану болып келеді.

Осы шараларды қолдану нәтижесінде жаңа жиналған астықтың сандық және сапалық қасиеттерін арттыруға болады. Осыған байланысты астық қабылдау, сақтау және өңдеу өндірістеріндегі әр кезеңде пайдаланатын қондырғыға мұқият көңіл бөлу қажет.

Жаңа жиналған астықты аэродинамикалық қасиеттері, өлшемдері, тығыздығы, бетінің күйі және тағы да басқа қасиеттері бойынша тазалайды. Жиналған астық тек қана жақсы тазаланған және МЕМСТ-ке сәйкес болып қана емес, сонымен қатар жоғарғы егіндік қасиеттерге ие болу қажет.

Жалпы жиналған астық негізгі дақылдан басқа, кейбір мөлшерде дәнді және зиянды қалдықтардан тұрады. Ол қалдықтар астықтың сапасын төмендетіп, оның сақталуына кері әсерін тигізеді. Астықты өңдеу өндірістерінде астықтан бұл қалдықтардан бөлу үшін елеу үрдісі жүргізіліп,

сепаратор қондырғылары қолданылады. Елеу үрдісіне ең негізгі қойылатын шарттардың бірі - еленудің нәтижесінде алынған астық фракциясы оған дейінгі астық қоспасынан үлкен айырмашылықта болу қажет. Тазартылған астық фракциясындағы дәннің біртектілігі неғұрлым көп болған сайын, сепаратордың тиімділігі соғұрлым артады. Бұл тазарту үрдісінің жоғарғы тиімділікте жүргізілуіне қол жеткізу үшін, сапалы кондырғы таңдалынуы қажет.

Қазіргі кезде астықты тазарту үшін САД , СВУ-60, «Петкус» және т.б. жаңа заманауи қондырғылар қолданылады. Соның ішінде САД сепараторлары өндірістерде өте кеңінен қолданылады. Себебі САД сепараторларының келесідегідей артықшылықтары бар:

- бидайдан басқа дәнді дақылдарды да тазартады;
- қондырғының жұмыс істеу кезінде, бір дақылдан келесі дақылды тазартуға жедел түрде ауыстыруға болады;
- олар өздерінің аз өнімділігімен ерекшеленеді (4 тен 150 т/сағ);
- астықты сапалы түрде тазартады;
- сепараторда ауалы және ағынды жүйемен астық жоғарғы нақтылықпен тазартылады.

С.Б. Ермекбае, т.ғ.к.,доцент